



Осы жұрт Алаш жайлы не біледі?!



Қазақ баласының «Алаш», «Алашорда» деген ұғымды естігелі 100 жыл болыпты. Иә, Алаш деген не өзі?!

Алаш. Үркердей ғана топ еді. Сталиндік репрессия басталып, аласапыран заман болған жылдары НКВД жендеттерінің тирына айналып, құрбан болған асыл азаматтардың жұмыла құрған «Алаш» партиясы, Осы жұрт Алаш жайлы «Алашорда» ұлттық автономиясы жайын бес саусақтай тарқатып, осы саланың жілігін шағып, майын ішіп жүрген санаулы ғалымдарымыз ғана жетік білмесе, қарапайым жұрттың «Алаш» жайындағы ойы – күңгірт екен. Күңгірт болар себебі сол – біз бұл асылдарымызды тәуелсіздік алғаннан кейін ғана танып, біліп отырмыз. Алаштанушы ғалымдардың шығарып жатқан құнды зерттеу еңбектерінің ұзын саны тауыққа шашылған тарыдай аз болғандықтан, шалғайдағы елді мекендерге жетпей жатыр. Мектеп оқулықтарының сиқы анау, қай баспаның құдіреті дәрменді болса, соның баспасынан шала піскен дүмбілез «жеміс» шығады, оның үстіне жыл сайын ауысып жатқандықтан, оқушыларымыздың білімі таяз. Қазір мектеп оқушыларының кітабы да, тәрбие берер құралы да – «В контакт» әлеуметтік желісі болып тұр! 24 сағат осы желіге телміріп, «вахтер» болып отырған бала –

орыспенен шет ел әншісімақтарының бейнебаяндары мен ұсқынсыз мультфильмін тамашалап, Сесилия Ахерн сияқты ортанқол жазушысымақтардың махаббат жайындағы шытырманын оқып, шатасып, адасып жүр емес пе?! Ол желіде «әй дейтін әже, қой дейтін қожа» жоқ болғандықтан бала не істемейді? Әрбір парақшаларда порно роликтер мен ешқандай бақылаусыз жарнамаланып жатқан жыныстық қатынасқа түсерде қолданатын құралдарға «лайк» басып отырған жасөспірімдер қалай ғана емешегі үзіліп, Алашты қызығып оқи қойсын! Расында, осы біз Алаш жайлы не білеміз? Ұлттың қаймағы болған – алаш қайраткерлері жайында тым болмаса әрбір қазақ білуге тиіс негізгі мәліметтерді Сіздермен бөлісейік. Оқыңыз, ұрпағыңызға айта жүріңіз!..

XX ғасырдың басында қазақ жерінің барлық аймақ, өңірлерінде ұлт-азаттық Алаш қозғалысы өткен-ді. 1905 жылдың 26 маусымында Қоянды жәрмеңкесінде Әлихан, Ахмет, Міржақып бастаған қазақ оқығандары Ресей Патша үкіметінің министрлер кабинетіне сөз бостандығы мен ана тілінде оқу, діни еркіндік және тағы өзекті мәселелерді қамтыған, 12767 адамның қолы қойылған «Қарқаралы құзырхаты» дайындайды. Осы маңызды құжаттан кейін Алаш зиялыларының партия құру, газет шығару, оқу мәселесін жүйелендіру, ұлттық автономия құру туралы саяси әрекеттеріне жол ашылады және Алаш қайраткерлері I, II мемлекеттік Думаға депутат болып сайланып, Ресейдің заң шығарушы жоғары органының мінберінен қазақтың ұлттық мүддесін көтеріп, патшалық биліктің қазақ халқының мәселесіне назар аудартуға күш салған.

Сіз білуге тиіс жайттың бірі – «Алаш» партиясы. Бұл партия – бүгінгі қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы. Қазақтың ұлттық мүддесін қорғайтын партия құру туралы идея 1905 жылы ойластырылған. 1905 жылдың соңына қарай Орал қаласында өткен қазақ облыстары өкілдерінің сиезінде «Қазақ конституциялық демократиялық партиясын құру туралы» шешім қабылданып, оның бағдарламасы мен 9 адамнан тұратын міндеттемесі жайлы мәлімет «Пікір» газетіне («Фикер» газеті, 1905 жыл, 25 желтоқсан) жарияланған. Бірақ, партия сол уақыттағы саяси қысымға байланысты құрылмай қалған. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін саяси партия құру қажеттілігі зиялылар арасында қайта көтеріліп, «Қазақ» газетінің ұйымдастыру бюросының күнтізбесіне «Қазақ саяси партиясын жасау мәселесі» ұсынылған. Сөйтіп, тұңғыш қазақ партиясы 1917 жылдың 21-28 шілдесінде Орынбор қаласында өткен Бірінші Жалпықазақ сиезінде құрылып, 14 мәселе қаралады. 1917 жылдың 21 қарашасында «Қазақ» газетіне «Алаш» партиясының бағдарламасы және сиез материалдары жарияланды. Бағдарламаны партия көсемі Ә.Бөкейхан бастаған А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Е.Ғұмарұлы, Е.Тұрмұхамедұлы, Ғ.Жүндібайұлы, Ғ.Бірімжанұлы сынды алаш оқығандары жасаған. Бағдарлама мемлекет қалпы, жергілікті бостандық, негізгі хұқық, дін ісі, билік және суд, ел қорғау, салық, жұмысшылар, ғылым-білім үйрету, жер мәселесі сияқты тараулардан құралған болатын. Шынтуайтқа келер болсақ, «Алаш» партиясының өмірге келуі үлкен саяси мәселе еді. Әрі партияның өмірге келуі –«Алашорда» ұлттық –территориялық автономияның құрылуына түрткі болды. Осы уақыт аралығында әрбір ғылым саласына арналған тұңғыш рет қазақ тіліндегі оқу құралдары жазылып, әлем әдебиетінің классикалық үлгілері «қазақша» сөйлеп, қазақтың төл әліпбиі жасалып, сөздіктер мен арнайы ғылыми еңбектердің жарыққа шығып жатады.

Сізге ешқашан ұмытуға болмайтын бір жайт – «Алашорда автономиясы» . Алашорда автономиясы – 1917 жылдың 5-13 желтоқсан аралығында Орынбор қаласында Екінші жалпықазақ сиезінде жарияланған ұлттық –территориялық мемлекеттік құрылым. Сиезге Қазақстанның барлық 8 облысынан келген өкілдер Сібір, Түркістан автономиясы және юго-восточный союз туралы, қазақ-қырғыз автономиясы, милиция туралы, ұлт кеңесі, оқу мәселесі, ұлт қазынасы, мүфтилік мәселе, халық соты, ауыл управленийісі, азық-түлік мәселесі секілді он ірі мәселені талқылаған. Сиез ашылар алдында Әлихан Бөкейхан сиезге арнайы шақырылған, бірақ кенет дүниеден өткен Ораз Тәтиұлы ақсақалдың рухына дұға етіп барып бастаған. Түркістан автономиясының төрағасы Мұстафа Шоқай өзінің баяндамасында егер Алашорда автономиясын құрсақ, Жетісу,

Сырдария облыстары автономияға қосылатындығын айтқан. Халел Ғаббасұлы «Автономия және милиция кеңесі» туралы баян - дамасы негізінде автономия құру туралы қаулы қабылданған. Автономияның басшылық қызметіне Әлихан Бөкейхан, Бақыткерей Құлманұлы, Айдархан Тұрлыбайұлы сынды кандидаттар дауысқа түсіп, нәтижесінде 40 дауыспен Әлихан Бөкейхан автономия төрағасы қызметіне сайланған. (Ә.Бөкейханға 40 сайлаушы, 18 сайламаушы, Б.Құлманұлына 19 сайлаушы, 39 сайламаушы, А.Тұрлыбайұлына 20 сайлаушы, 38 сайламаушы да - уыс берген). Бұл турасын - да «Сарыарқа» газетінің 1917 жылғы 12 желтоқсандағы №28 нөмірінде Әлімхан Ермекұлы: «Декабрьдің 12-сі күні түс ауа сағат 3-те дүниеге «Алаш» автономиясы келіп, азан шақырылып, ат қойылды. Алты Алаш баласының басына ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді, үлкен ауылдарға қоңсы қонып, шашылып жүрген қазақ-қырғыз жұрты өз алдына ауыл болды. Отансыз жұрт Отанды болды, автономия бізге өмірлік мақсұт еді.

...Сенеміз, Алаш туының астына жиылмайтын қырғызқазақ баласы болмас, тірілген Алаш Ордасын құлатпас деп, Жасасын Алаш автономиясы!» деп жазған еді.

Автономия құру туралы қаулы қабылданған соң, автоно - мия астанасы Семей қаласының Заречная слободка бөлігі бо - лып, оны ендігі жерде «Алаш» қаласы деп атау керек екендігі және Ә.Бөкейхан Алашорда ұлттық-территориялық автономиясы құрылғандығы, мемлекет ретінде жұмысқа кіріскендігі жайында жан-жаққа жеделхатын жолдаған.

Алашорда автономиясының үкіметінің министрлер құрамына Бөкей ордасынан – Уәлитхан Танашұлы, Оралдан – Халел Досмұхамедұлы, Ақмоладан – Айдархан Тұрлыбайұлы, Торғайдан – Ахмет Бірімжанұлы, Семейден – Халел Ғаббасұлы, Жетісудан – Садық Аманжолұлы, Сырдариядан – Мұстафа Шоқайұлы және облыстан тысқары Әлихан Бөкейхан, Жаһанша Досмұхамедұлы, Әлімхан Ермекұлы, Мұхамеджан Тынышбайұлы, Бақтыкерей Құлманұлы, Базарбай Мәметұлы, Отыншы Әлжанұлы сынды тұлғалар кірген. «Алаш» партиясы, «Алашорда» ұлттық – территориялық автономиясы – біздің ауыз толтырып айтар мақтанышымыз, мерейіміз.

Бүгінгі тәуелсіз қазақ елінің ұлт ретіндегі тәуелсіздік жолы – Алашорда автономиясымен тығыз байланысты. Алғашқы ұлттық мемлекетіміз 1917 жылдың 12 желтоқсанынан 1920 жылдың 5 наурызына дейін билік құрған еді. Құдай Тағала қазақтың екінші тәуелсіздігін мәңгілікке баянды етсін!

Қазақ, жолбасшың, асқақ рухың – Алаш екенін ұмытпағайсың!

Елдос Тоқтарбайұлы
алаштанушы